



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАФЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

П 017-2.14-2023

30.11.2023

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 1-16

**МОНОГРАФИЯЛАРДЫ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Алматы
2024 ж.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Г 017-2.14-2023 30.11.2023 Бет 2-16
--	--	---

АЛҒЫ СӨЗ

- 1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми-редакциялық бөлімі**
- 2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚР МАМ «Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» қараша 2023 жылды № 4 хаттама № 2 баспа**
- 3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕҢІЗУ № 1 баспаның орнына «28» 10.2021 ж.**
МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ
- 4. МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** 3 жыл

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 3-16

МАЗМУНЫ

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР
2. НЕГІЗГІ АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР
3. МОНОГРАФИЯНЫ ҚАРАУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ БАСЫП ШЫҒАРУ ТӘРТІБІ
4. МОНОГРАФИЯҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАП
5. МОНОГРАФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЭЛЕМЕНТТЕРИНЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ РӘСІМДЕУІ МЕН КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР
6. ӨЗГЕРІСТЕР ЕҢГІЗУ ТӘРТІБІ
7. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАГЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023 ж.
	Ереже Нормативтік құжат түрі	Бет 4-16



Монографияларды басып шығару тәртібі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

- Осы ереже ақпарат, кітапхана және баспа ісі жөніндегі стандарттар жүйесі МЕМСТ 7.60-2003 мемлекетаралық стандартына сәйкес өзірленген. Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар.
- 3.2.4.3.1-1 Монография: бір мәселені немесе тақырыпты толық және жанжақты зерттеуді қамтитын және бір немесе бірнеше авторға тиесілі ғылыми немесе ғылыми-көпшілік басылым.**
- 3.2.4.3.1.2-2 ғылыми енбектер жинағы: ғылыми мекемелердің, оқу орындарының немесе қоғамдардың зерттеу материалдарын қамтитын жинақ.**
- Осы ереже Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясында ҚазҰА (бұдан әрі — академия) монографиялар шығару тәртібін реттейді.
- Монографиялар шығару академияның ғылыми қызметінің бір түрі болып табылады.
- Академияда монографиялар дайындауга және басып шығаруға байланысты шығындардың бір бөлігіне өтемақы төлемдері автордың немесе авторлар ұжымының ғылыми-редакциялық бөлім өткізетін және үздік оқу басылымдары (монография, оқулық, оқу құралы) және Академия Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген (28.11.2019 ж. № 4 хаттама) Web of Science, Scopus халықаралық дәйектес базаларына кіретін нөлдік емес импакт-факторы бар журналдардағы үздік жарияланымдар конкурсына о ережесімен регламенттелген конкурсқа қатысқан жағдайда көзделген. Өзге жағдайларда шығыстарды өтеу көзделмейді не автордың (авторлық ұжымның) немесе баспагердің авторлары тартқан (мұдделі) демеушілерінің есебінен жүзеге асырылады.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ <u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	II 017-2.14-2023 30.11.2023 Бет 5-16
--	--	--

2. Негізгі анықтамалар мен терминдер

5. Монография – бір мәселені немесе тақырыпты толық және жан-жақты зерттеуді қамтитын және бір немесе бірнеше авторға тиесілі ғылыми немесе танымал ғылыми басылым (ұжымдық монография).
6. Монография зерттеу нәтижесінде тиісті редакциялық баспа өндеуден, оку үдерісіне енгізу, ғылыми жарияланымдар және конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндама жасау түрлерінде негізгі тұжырымдарының аprobациясын өтіп, факультеттің ғылыми кеңесінің отырысында бекітілуі тиіс. Монографияны ғылыми зерттеумен айналысатын мамандар жариялай алады.
7. Монографияны басып шығарудың мақсаты – автордың немесе авторлар ұжымының жоғары оку орнында, сондай-ақ басқа да мұрағаттық, ғылыми-зерттеу және ғылыми-шығармашылық ұйымдарда орындалған ерекшелік ғылыми және қолданбалы жұмыстардың нәтижелерін жалпылау.
8. Монографияның міндеттері – ғылыми зерттеулердің нәтижелері мен автордың немесе авторлар ұжымының жетістіктерін жариялау, ғылыми зерттеулердің одан әрі дамуына ықпал ету, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін білім беру процесіне енгізу.
9. Монографияның авторлық құқығы авторға немесе оны шығарған авторлар ұжымына тиесілі. Монография бөгде ұйымдар басып шығарған жағдайда автор (лар) айрықша (сабактас) және құқықтардың өзге де түрлері мәселелері бойынша шарт (келісімшарт) жасай алады.
10. Бірлескен автор болған жағдайда бір автордың қосқан үлесі кемінде 3 баспа табақ көлемінде өлшенуі тиіс.
11. Монографияға кітаптың халықаралық стандартты номірі (ISBN) берілуі керек, онда жоғары оку орныны ғылыми кеңесінің ұсынысы және екі рецензенттің пікірлері болуы керек.
12. Рецензент — доктор, ғылым кандидаты немесе философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесі бар, сондай-ақ рецензияланатын монография тақырыбы бойынша соңғы 5 жыл ішінде жарияланымдары бар маман.
13. Монографияға түскен әрбір рецензияда қолжазбаның ғылымның қазіргі заманғы жетістіктеріне сәйкестігі, баяндалатын материалдың жаңалығы мен өзектілігі негізінде жарияланымның орындылығын растау, монография мазмұнының өзге басылымдарда жарияланған материалдармен қайталануын болдырмау фактісін растау болуға тиіс.
14. Рецензенттер жұмыс үшін қолжазба көлеміне байланысты оларға қажетті уақытты жұмыс істейді. Рецензенттердің максималды жұмыс мерзімі - 90 күн. Рецензенттердің ауызша немесе жазбаша келісімімен олардың тегі монографияда көрсетілуі тиіс.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 6-16

15. Ғылыми-редакциялық бөлімге факультеттің Ғылыми кеңесінің шешімі түрінде келіп түсken монографияларды Академияның Ғылыми кеңесінің бекітуіне ұсынғанға дейін қарау үшін ғылыми жұмыс жөніндегі проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен бекітілген және құрамында кемінде 3 (үш) ғылыми дәрежесі бар, қарастырылып отырған монографиялардың ғылым аймақтары бойынша маманданған Ғылыми кеңес мүшелерінен тұратын сараптама комиссиясы құрылады (қажет болған жағдайда сараптама жүргізу үшін Академияның Ғылыми кеңесінің мүшесі болып табылмайтын Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӘ-ның білікті мамандарды тартуға болады).

16. Сараптау комиссиясы мүшелерінің қатарына Академияның Ғылыми кеңесінің мүшелері, сондай-ақ комиссия қарайтын монографияның ғылым саласында маманданатын ғалымдар кіруі тиіс.

17. Монографияның авторы немесе ғылыми кеңесші, оның басшылығымен басылым дайындалған сараптамалық комиссияның мүшелері бола алмайды.

18. Монография қолжазбасы материалдарын қабылдау мен түсіндіруге әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысы бар адамдар сараптама комиссиясының мүшелері болып тағайындала алмайды.

19. Сараптама комиссиясының мүшелері қолжазбаларды қарау кезінде ғылыми этиканы, кәсіби құзыреттерді және осы Ереженің тармақтарын басшылыққа алуға тиіс.

20. Сараптама комиссиясының мүшелері сараптама қорытындысымен (3-қосымша) 1 аптадан 3 аптаға дейінгі мерзімде жұмыс істей алады.

3. Монографияны қарау, бекіту және басып шығару тәртібі

21. Монографияның авторы академияның толық уақытты қызметкері немесе кем дегенде бір автор академияның толық уақытты қызметкері болатын авторлық ұжым болуы керек.

22. Автор монография қолжазбасында орфографиялық, стилистикалық және грамматикалық қателерді тексеруге міндетті. Автордың ғылыми редакторға, сондай-ақ әдеби редактор мен корректорға жүгінгені жөн.

23. Монография автор немесе авторлар тобы бекітілген кафедрада талқылаудан өтуі керек.

24. Факультет Ғылыми кеңесінің шешімі бойынша монография ғылыми-редакциялық бөлім жанындағы сараптау комиссиясының қарауына баспа түрінде және электрондық форматта ұсынылады (Microsoft Office Word мәтіндік редакторында файл кеңейтілуімен *.docx) мәтін мен графикалық нысандардың орналасуы дайын нұсқада ұсынылуы керек. Мәтінде схемалар, графиктер, графикалық объектілер топтары болған кезде жоғарыда аталған барлық

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	II 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 7-16

объектілер топтастырылуы тиіс. Схемалар, кестелер және графикалық нысандар мәтін шегінен шықпауы керек.

25. Сараптау комиссиясының қарауына ұсынылатын монографияға міндетті түрде қоса беріледі:

- автордың (-лардың) монография осы Ереженің 4 және 5-тармақтарына сәйкес келетіні туралы өтініші (4-қосымша);
- жұмысқа кемінде екі сыртқы шолу. Рецензенттер ғылым докторы, кандидаты немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар ғалымдар болуы мүмкін (осы Ереженің 2-тармағының 12) тармақшасын қараңыз);
- кафедраның ұсынымы (кафедра отырысы хаттамасынан үзінді) (1-қосымша);
- факультет Ғылыми Кеңесінің көшірмесі (2-қосымша);
- 2021 жылғы 27 мамырда Академияның Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген Ережемен регламенттелетін (СМЖ номірі П017-02.20-2019) плағиатқа жұмысты тексеру туралы анықтама, хаттама № 10.

26. Сараптама комиссиясы қараганнан кейін оң немесе теріс шешім туралы қорытынды беріледі (3-қосымша)

27. Осы Ереженің 3-тармағының 24 және 25-тармақшаларында көрсетілген барлық құжаттар тізімі Академияның Ғылыми кеңесінің ғылыми дәрежесі бар мүшелерінен монографияны Академияның Ғылыми кеңесінің бекітуіне жіберу үшін құралатын және отырысқа жіберу туралы соңғы шешім қабылдайтын Комиссияның қарауына ұсынылады.

28. Академияның Ғылыми кеңесі ұсынылған монографияны шығаруға ұсыным беру туралы шешім қабылдайды және авторға (-ларға) отырыс хаттамасынан үзінді көшірме береді.

29. Автор (лар) монографияның жалпы таралымынан 1 данасын ғылыми-редакциялық бөлімге, 1 данасын өзі тіркелген кафедраға және кемінде 2 данасын Академия кітапханасына беруге міндеттенеді.

30. ПОҚ-ның «ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық конкурсына қатысу мүмкіндігі үшін монография Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 наурыздағы № 124 бұйрығымен бекітілген «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын берудің қолданыстағы қағидаларының 11.15, 11.16, 11.17-тармақтарында көрсетілген баспаларда жариялануы тиіс.

4. Монографияға қойылатын талап

5. Академияның ғылыми кеңесінің қарауына ұсынылатын монографиялар келесі критерийлерге сәйкес болуы керек:

- **монотематикалық:** бір тақырыпты немесе бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше тақырыпты толық және жүйелі түрде баяндау;

	ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 8-16

- **қүзіреттілік:** монографияда автордың ғылыми зерттеуінің нәтижелері болуы керек; егер монография басқа зерттеулердің ғылыми деректерін жалпылау болса, онда көлтірілген зерттеушілердің нәтижелері мен ғылыми ұстанымдарының маңыздылығына қатысты автордың дәлелді пікірі болуы керек;
- **баяндаудың дұрыстығы:** заманауи, ғылыми қауымдастықпен қабылданған, тұжырымдамалық аппарат (терминология, классификация, номенклатура және т. б.) қолданылуы керек;
- **жаңалық:** бұрыннан белгілі (жарияланған, аprobацияланған) ғылыми фактілерді талдау негізінде автор дербес тұжырымдаған жаңа ғылыми концепциялар, идеялар, түпнұсқа гипотезалар ұсынылуы керек;
- **өзектілік:** ұсынылған әдістемелік аппарат, нақты нәтижелер және оларды талдау мен интерпретациялау логикасы ғылым мен өндірістің қазіргі заманғы даму деңгейіне сәйкес келуі керек;
- **деректілік:** ұсынылған жеке фактологиялық материал жалпыға танылған және қайталанатын зерттеу технологияларына негізделуі керек;
- **сабактастық:** автор монография тақырыбына сәйкес келетін басқа зерттеушілердің негізгі жарияланымдарын талдауы (цитаттауы) керек.

5. Монографияның негізгі құрылымдық элементтеріне және оның рәсімдеуі мен көлеміне қойылатын талаптар

5. Басылымды монография деп шартты баспа парактарында қажетті көлемі бар кезде санауға болады. Монографияның көлемі 6-дан кем емес және 20-дан аспаған әдеттегі баспа парактары болуы керек.
6. Иллюстрациялар монография көлеміне қосылады.
7. Монографияның таралымы 500 данадан кем болмауы керек.
8. Титулдық парактың алдыңғы бетінде (шмуц-титулды бетте) мыналар көрсетіледі:
 - атынан басылым шығарылатын ұйымның атауы;
 - осы басылым кіретін серия туралы деректер (егер ол сериялық басылым болса);
 - авторлар туралы мәліметтер (аты-жөні);
 - тақырып;
 - тақырыпша деректері (бар болса);
 - шығыс мәліметтер (қала, баспа, жылы) — беттің төменгі жағында.
9. Титулдық беттің артқы жағында бірқатар шығыс деректердің орналасуы көрсетіледі:
 - Ұлттық мемлекеттік кітап палатасымен немесе баспамен берілетін ӘОЖ және ЖБК жіктеу көрсеткіштері, авторлық белгі;

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 9-16

- басылымның сипаттамасы (автордың немесе авторлар тобының тсгі мен аты-жөні), атауы, басылым түрі, қала, баспа, жыл, кітаптың көлемі, бар болса, қосымша ақпарат;
- аннотация;
- рецензенттер мен ғылыми редактор туралы мәліметтер (бар болса);
- халықаралық стандартты ISBN кітап нөмірі (төменгі сол жақ бұрышта);
- авторлық құқықты қорғау белгісі (төменгі оң жақ бұрышта).

10. Тақырыптау (мазмұн) кітаптың құрылымы мен оның мәселелері туралы жалпы түсінік беретін анықтамалық-ілеспе аппаратының маңызды элементі болып табылады. Мазмұн мәтіннің тәуелсіз мағынасы бар барлық бөлімдері мен бөлімшелерін қамтуы керек.

11. Кіріспе — басылымның негізгі мәтіннің құрамдас бөлігі болып табылады. Оқырманға болашақта кітаппен жұмыс істеуге бағыт-бағдар береді. Әдетте бұл оқырманды мәселелер мен құбылыстардың қазіргі жайкүйін түсінуге, негізгі бастапқы ұғымдарды ұсынуға және негізгі терминологияны ашуға, көзқарастарға, әдеби дереккөздерге немесе эксперименттік деректерге шолу жасауға дайындастын шағын тарихи очерк; тақырыпты тұжырымдау мен дамытуды негіздеу

12. Негізгі бөлімнің тараулары монографияның мазмұнын ашады, дәйекті, толық және дәлелді баяндауды ұсынады. Ғылыми мәселенің шешімін түсіну үшін аса маңызы жоқ барлық материалдар қосымшаларға шағарылады.

13. Қорытынды — материалды баяндау нәтижесі. Ол орындалған жұмыстың жалпылама қорытынды бағасының болуын білдіреді. Оның негізгі мәні недес екенін, қандай мақсаттарға қол жеткізілгенін, қандай маңызды жаңа ғылыми нәтижелер алынғанын, зерттеу нәтижесінде қандай жаңа ғылыми міндеттер анықталғанын көрсету маңызды.

14. Библиографиялық тізімге автордың тақырыптарды тереңдетіп окуға ұсынған негізгі әдеби және электронды дереккөздер кіреді. Тізім МС 7.1-2003 сәйкес немесе монографияны басып шығаратын баспаның талаптарына сәйкес ресімделуі керек. Атап айтқанда, шет елдерде MLA, APA, Turabian, Vancouver, Chicago, Garvard және т. б. стандарттар қабылданған.

15. Қосымша — негізгі мәтінді толықтайтын бөлім. Қосымшаның міндеті — негізгі мазмұнды не орынсыз, не енгізу мүмкін емес жалпы немесе толық көлемде материалдармен толықтыру, немесе оқырманға ыңғайлышқа оларды тәуелсіз анықтамалық бөлім ретінде бөлу.

16. Егер монография Қазақстанда басып шығарылса, басылымдарды ресімдеуге қойылатын талаптарды айқындайтын, қажетті және жеткілікті ақпараттың тізбесін және оларды баспа өніміне енгізу тәртібін қамтитын, сондай-ақ басылымдардың ақпараттық-библиографиялық аппаратына қойылатын талаптарды реттейтін кітапхана іci және баспа қызметі стандарттары жүйесіне (SIBID) сәйкес жазылуы және пішімделуі керек.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТАЙНАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023
	<u>Ереже</u> нормативтік құжат түрі	Бет 10-16

- МЕМСТ 7.60-2003 — «Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар».
- МЕМСТ 7.0.53-2007 — «Басылымдар. Халықаралық стандартты кітап нөмірі».
- МЕМСТ Р 7.0.4-2006 — «Басылымдар. Шығыс деректері».
- МЕМСТ Р 7.0.1-2003 — Басылымдар. Авторлық құқық белгісі. Жалпы талаптар және ресімдеу ережелері».
- МЕМСТ 7.9-95 — «Реферат және аннотация. Жалпы талап».
- МЕМСТ 7.0.12-2011 — «Библиографиялық жазба, Орыс тіліндегі сөздер мен сөз тіркестерін қысқарту. Жалпы талаптар мен ережелер».
- МЕМСТ 7.1-2003 — «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Жалпы талаптар және ресімдеу ережелері».
- МЕМСТ 7.0.5-2008 — «Библиографиялық сілтеме. Жалпы талаптар мен ресімдеу ережелері».

6. Өзгерістер енгізу тәртібі

17. Фылыми кеңестің отырысында осы ережені өзгерту туралы ұсыныстар көпшілік дауыспен (отырыска қатысқан FK мүшелерінің кемінде 2/3 дауыстары) қабылданады немесе жойылады.

18. Ережеге өзгерістер енгізу фылыми жұмыс жөніндегі проректормен келісілген фылыми редакциялық бөлім менгерушісінің ресми хаты негізінде Академияның Фылыми кеңесінің шешімімен ғана енгізіледі.

19. Фылыми-редакциялық бөлімде сақтауға тапсырылған осы ережеге өзгерістер енгізу СМЖ талаптарына сәйкес «Өзгерістерді тіркеу парагында» міндетті белгілеумен жасалады.

47. Осы ережеге енгізілетін өзгерістер туралы хабарламалар Академияның барлық департаменттері мен жауапты құрылымдық бөлімшелеріне жіберіледі.

7. Қорытынды ережелер

20. Ереженің түпнұсқасы фылыми-редакциялық бөлімде сақталады. Ереженің даналарын таратуды фылыми-редакциялық бөлім жүзеге асырады.

21. Осы Қағидалардың ережелері міндетті болып табылады және нормативтік құжаттардың өзгеруіне, осы Қағидада ескерілмеген жаңа қосымша шығындардың туындауына байланысты өзгерілілуі немесе толықтырылуы мүмкін.

22. Қағида тармағын іске асыру кезінде туындаитын өзге де мәселелер Т. Қ. Жүргенов атындағы ҚазҰӘ Жарғысына немесе Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ <u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	П 017-2.14-2023 30.11.2023 ж.
		Бет 11 - 16

Қосымша 1
Кафедра шешімінен үзінді көшірме мысалы

**«Кафедраның атауы» кафедра отырысының хаттамасынан
ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ**

Алматы қ.

Дата 00.00.0000 форматында

ТЫНДАҒАНДАР: автордың (лардың) қолжазбасын (басылым түрі, қолжазбаның атауы) жариялау туралы (тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы).

ШЕШІЛДІ:

1. «_____» монографиясының қолжазбасы автор (-лар) дың _____ жыл ішінде ғылыми мәселе бойынша жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесі болып табылады.
2. Басылымның жаңалығы _____
3. «_____» монографиясын ұсынуға болады (қай санаттағы студенттерге, мұғалімдерге, оны оқу процесінде қалай пайдалануға болады және т. б.)
4. Бұл жұмысты _____ а. б., таралымы _____ дана көлемінде басып шығаруды ұсыну:
5. Тағайындау:
 - шығаруға жауапты _____ (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)
 - рецензенттер ретінде _____ (Т. А. Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны)

Кафедра менгерушісі _____ / _____
(қолы) (T. A. Ә.)

Шығарылымға жауапты _____ / _____
(қолы) (T. A. Ә.)

КАФЕДРА ШЕШІМІ

Ғылыми тұрғыдан алғанда, қолжазба мақсатына, ақпарат сипатына қойылатын талаптарға сай келеді. Автордың түпнұсқасы монографияларға қойылатын талаптарға сай.

Кафедра менгерушісі _____ / _____
(қолы) (T. A. Ә.)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ	П 017-2.14-2023 30.11.2023 ж.
	<u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	Бет 12 - 16

Қосымша 2
Факультеттің ғылыми кеңесі шешімінен үзінді көшірме мысалы

факультеттің ғылыми кеңес отырысының хаттамасынан
ҮЗІНДІ КӨШІРМЕ

Алматы қ.

Дата 00.00.0000 форматында

ТЫНДАҒАНДАР: автордың (лардың) қолжазбасын (басылым түрі, қолжазбаның атауы) жариялау туралы (тегі, аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы).

ШЕШІЛДІ:

1. «_____» монографиясының қолжазбасы автор (-лар) дың _____ жыл ішінде ғылыми мәселе бойынша жүргізген ғылыми зерттеулерінің нәтижесі болып табылады.
2. Басылымның жаңалығы _____
3. «_____» монографиясын ұсынуға болады (қай санаттагы студенттерге, мұғалімдерге, оны оқу процесінде қалай пайдалануға болады және т. б.)
4. Бұл жұмысты __ а. б., таралымы __ дана көлемінде басып шыгаруды ұсыну:
5. Тағайындау:
 - шыгаруға жауапты _____ (аты-жөні, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы)
 - рецензенттер ретінде _____ (Т. А. Ә., ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, лауазымы, жұмыс орны)

ФАКУЛЬТЕТТІҢ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСІНІҢ ШЕШІМІ

Ғылыми тұрғыдан алғанда, қолжазба мақсатына, ақпарат сипатына қойылатын талаптарға сай келеді. Автордың түпнұсқасы монографияларға қойылатын талаптарға сай.

Ғылыми кеңестің төрағасы _____ / _____
(қолы) _____ (T. A. Ә.)

Ғылыми кеңестің ғылыми хатшысы _____ / _____
(қолы) _____ (T. A. Ә.)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖУРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ <u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	П 017-2.14-2023 30.11.2023 ж.
		1Бет 13 - 16

**Қосымша 3 (Ф 017-2.19-2023)
Сараптама қорытындысының үлгісі**

**Сараптау комиссияны қорытындысы
(монография үшін)**

Сарапшылардың тегі, аты, әкелерінің аты

Автор (-лар) дың тегі, аты, әкесінің аты

Жұмыс атаяу

1. Жұмыс жарияланған нысанға сәйкес келе ме? _____
2. Жұмыс бастапқы сараптаманың барлық түрлерінен, соның ішінде этикалық сараптамадан өтті ме? _____
3. Авторлық құқық бұзылмады ма? _____
4. Жұмысты ISBN алуға ұсынуға бола ма?
5. Жұмыста мемлекеттік құпияларды білдіретін немесе Қазақстан Республикасына зиян келтіретін ақпараттар жоқ па?

6. Жалпы жұмықа, мәтінге, кестелерге, суреттерге және т.б. өзгертулер енгізу қажеттілігін көрсете отырып, жұмыс бойынша жалпы шолу _____

Қорытынды:

- I) жұмысты баспаға ұсынуға болады.
- II) жұмыс ____ тармақта көрсетілген ескертулер жойылғаннан кейін жариялануға ұсынылуы мүмкін.
- III) жұмысты жариялауға ұсынуға болмайды (теріс қорытынды болған жағдайда, ескертулердің толық тізімі ____ тармақта көрсетілуі керек).

(Сарапшының қолы, Т. А. Ә.)

(Сарапшының қолы, Т. А. Ә.)

(Сарапшының қолы, Т. А. Ә.)

	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ «ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК МЕКЕМЕСІ <u>Ереже</u> Нормативтік құжат түрі	П 017-2.14-2023 30.11.2023 ж.
		1Бет 14 - 16

Қосымша 4
Автор (-лар) мәлімдемесінің мысалы

**монография автор (-лар) ының
МӘЛІМДЕМЕСІ**

Мен (біз) _____ (Т. А. Ә.) монографияда берілген ақпараттың дұрыстығына, сондай-ақ ғылыми этика қағидаттарының сақталуына, атап айтқанда, ғылыми этиканы бұзуды (ғылыми деректерді қолдан жасау, зерттеу деректерін бұрмалау, плагиатқа және жалған бірлескен авторлықты, қайталауды, басқа адамдардың нәтижелерін иемденуді және т. б.) алдын алуға кепілдік беремін

Ұсынылған монография келесі критерийлерге сәйкес келеді:

Мен (біз) осы Өтінімге қол қою арқылы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген (дәйексіз ақпарат болған жағдайда) жауапкершілікті қабылдаймын (-мыз).

Автор (-лар) _____
(қолы) _____ (T. A. Ә.)



ҚАЗАКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК
МЕКЕМЕСІ

П 017-2.14-2023

30.11.2023

Ереже
нормативтік құжат түрі

Бет 15-16

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Әзірленді:		
Ғылыми-редакциялық бөлімінің басшысы		Ж. Д. Рамаданова
Келісілді:		
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор		К. З. Халыков
ЖООКББФЗО басшысы		А. А. Кульшанова
Заң бөлімінің басшысы		Г. Д. Сейтбекова



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ
АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕН●
АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
АКАДЕМИЯСЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТИК
МЕКЕМЕСІ

Ереже
нормативтік құжат түрі

П 017-2.14-2023

30.11.2023

Бет 16-16

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№	Бөлімшес	Т.А.Ж.	Күні	Колы
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				